**Қазақ тілі оқытушысының 2022 - 2023 оқу жылына арналған**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы :** ЖШС **"Зейінді бала"** балабақшасы
**Топ: «Балдәурен»** мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас.
Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы, 2022-2023 оқу жылы.

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| Қазан | Қазақ тілі | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:<br>1) қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ;<br>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту.<br>Сөздік қор:<br>1) күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың (киіз үй, оның ішінде жиһаз, тұрмыстық заттар), жемістер, көгөністер, жануарлар мен құстардың атауларын атауларын дұрыс айту және түсіну біліктерін қалыптастыру;<br>2) заттардың сын-сипатын (түсі, көлемі), заттармен орындалатын іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуды және түсінуді үйрету;<br>3) 10-ға дейін тура және кері санауды үйрету.<br>Тілдің грамматикалық құрылымы:<br>1) қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;<br>2) сөз тіркестерін түсінуді үйрету және сөздерді байланыстыруға жаттықтыру;<br>3) зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдыларын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қалыптастыру.<br>Байланыстыра сөйлеу:<br>1) қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді, диалог құруды үйрету;<br>2) өзінің тұрғылықты жерін (қала, ауыл) атауды үйрету;<br>3) педагогтің үлгісі бойынша ойыншықтар туралы және суреттер бойынша қысқа мәтіндер құрастыруды үйрету;<br>4) мақал-мәтелдерді айтуды үйрету. |